АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ
ҮШАРАЛ
ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
УШАРАЛЬСКОГО
ГОРОДСКОГО ОКРУГА
АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ

06.01.2025
Үшарал қаласы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 23.
город Ушарал

Үшарал қалалық округі әкімі аппараты ғимаратын күзету қызметтерін бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Үшарал қалалық округі әкімі аппараты ғимаратын күзету қызметтерін «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағының **28) тармақшасына** сәйкес тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты "Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Ж.Сатыбалдинов:

- Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;

- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Қала әкімі **А. Абишев**

001830

Қарсы енеспін

Үшарал қалалық округі әкімі
А. Абишев

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы
Ж. Сатыбалдиновтан

ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы

Үшарал қалалық округі әкімі аппараты ғимаратының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттік мүліктің сақталуын және қызметкерлер мен келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында күзету қызметтерін үздіксіз әрі жедел түрде ұйымдастыру қажеттілігі туындап отыр.

Аталған қызметтердің маңыздылығын және олардың уақытылы көрсетілмеуі ғимараттың қауіпсіздігіне, мемлекеттік мүліктің сақталуына және қоғамдық тәртіпке кері әсер етуі мүмкін екенін ескере отырып, көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының **28) тармақшасына** сәйкес бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру қажет деп есептеймін.

Альтернативті сатып алу тәсілдерін (ашық конкурс, баға ұсыныстарын сұрату және т.б.) қолдану нақты жағдайда тиімсіз, себебі олар ұзақ уақытты талап етеді. Бұл өз кезегінде күзету қызметтерінің үзілісіне алып келіп, қауіпсіздік деңгейінің төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін.

Осыған байланысты, жоғарыда аталған заң нормасына сәйкес, **Үшарал қалалық округі әкімі аппараты ғимаратын күзету қызметтерін** бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы жүргізуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы **Ж.Сатыбалдинов**

Үшарал қалалық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі БСН 130340013157